

Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі себептерін анықтаудың қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 1012 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 наурызда № 9282 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 40/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 05.02.2021 № 40/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Электрондық құжат айналымы қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысымен бекітілген Электрондық құжат айналымы қағидасының 14-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалылығының сәйкессіздігі себептерін анықтаудың қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықты белгіленген заңнамалық тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын, сондай-ақ оның мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналасуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпараттық құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Кеңсесінің Басшысы

_____ Е.Ж. Қошанов

2014 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

төрағасы

_____ Н.Ә. Әбіқаев

2013 жылғы 24 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрі

_____ М.А. Құл-мұхаммед

2013 жылғы 19 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2013 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 1012 бұйрығымен
бекітілді

Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі себептерін анықтау қағидасы

1. Жалпы ереже

1. Осы Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі себептерін анықтаудың қағидасы

(бұдан әрі – Қағида) "Электрондық құжат айналымы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысымен бекітілген электрондық құжат айналымы қағидасының 14-тармағына сәйкес әзірленді және Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде (бұдан әрі ЭҚАБЖ), соның ішінде онымен байланысты электрондық құжат айналым жүйелерінде (бұдан әрі – ЭҚАЖ) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар түпнұсқалығы сәйкессіздігінің себептерін анықтау тәртібін анықтайды.

2. Қағида орталық мемлекеттік атқарушы мемлекеттік органдарға, ведомстволарға және олардың аумақтық органдарына, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі – МО) таралады.

3. Осы Қағидада келесі негізгі түсініктер мен қысқартылған сөздер пайдаланылады:

1) ақпаратты қорғау құралдары – ақпаратты қорғау үшін арналған немесе пайдаланылатын техникалық, криптографиялық, бағдарламалық және басқа да құралдар, заттар немесе материалдар;

2) жүйелік журнал – оқиғалардың қауіпсіздігімен байланысты жүйелерден және басқалардан кіру және шығу туралы жазбаларды қамтитын арнайы журнал;

3) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге өтініш білдірген және оларды пайдаланатын субъект;

4) Оқиғаның пайда болу себепін анықтау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) – өкілетті органға қарасты консультативті-кеңесші орган, оқиғаның пайда болу себепін орнатады және тиісті ұсыныс қалыптастырады;

5) уәкілетті орган – ақпараттандыру саласында басшылық атқаратын мемлекеттік орган;

6) куәландыратын орталық – электрондық цифрлік қолтаңбаның жабық кілтін электрондық цифрлік қолтаңба ашық кілттің сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәліктің шынайлығын растайтын заңды тұлға.

2. Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі себептерін анықтау тәртібі

4. Электрондық құжаттардың (бұдан әрі - ЭҚ) электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болуы туралы ақпарат көздері болып табылады:

1) пайдаланушылар;

2) ақпаратты қорғау құралдары;

3) жүйелік журналдар;

4) куәландыратын орталықтың ақпараттық жүйесі.

5. ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған жағдайда ЭҚ мемлекеттік орган-алушы мемлекеттік орган – жолдаушыға, "қабылданбады" белгісі бар ЭҚ болып табылатын, құжатпен қамтамасыз ету бөлімшесі қызметкерімен қол қойылған, "Электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі - ЭЦҚ) түпнұсқалығын тексерудің теріс нәтижесі" себептерін көрсетумен хабарлама-түбіртекті жолдайды.

6) ЭҚ пайдалану немесе мұрағаттық сақтау кезінде ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған жағдайда мемлекеттік орган-алушы уәкілетті лауазымды тұлғаның қолы қойылған оқиға (хат) туралы хабарландыруды мемлекеттік орган-жіберушіге жолдайды.

7. Пайдаланушы (мемлекеттік орган-жолдаушы) "қабылданбады" белгісі бар және "ЭЦҚ түпнұсқалығын тексерудің теріс нәтижесі" себебі көрсетілген хабарлама-түбіртек алған жағдайда немесе оқиға (хат) туралы хабарландыруды алған жағдайда мемлекеттік орган-жолдаушысының ТҚҚ-сына және қажет болған жағдайда мемлекеттік орган-алушысының ТҚҚ-сына жүгінеді.

8. ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі себепін жойғаннан соң ТҚҚ мемлекеттік орган-жолдаушы мемлекеттік орган-алушыға ЭҚ-ты қайта жолдайды.

9. Егер екі тарап бір шешімге келмеген жағдайда мемлекеттік орган-жолдаушы, бастамашы тарап ретінде мемлекеттік орган-алушыға (бұдан әрі – жауап беруші тарап) нысан бойынша уәкілетті лауазымды тұлғамен қол қойылған нағыз Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес келіспеушілік туралы өтініш жолдайды (бұдан әрі – келіспеушілік туралы өтініш).

10. Келіспеушілік туралы өтінішке растайтын құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) ЭҚ-сы бар файл;
- 2) ЭЦҚ ЭҚ-сы бар файл;
- 3) ЭЦҚ ЭҚ тіркеу куәлігі бар файл.

11. Жауап беруші тарап келіспеушілік туралы өтініш түскен күнінен бастап үш жұмыс күні өтпей бастамашы-тарапқа уәкілетті лауазымды тұлғамен қол қойылған әрбір талап бойынша жауап береді.

12. Жауап беруші тарап келіспеушілік туралы өтінішке жауабында әрбір талапқа құжатты түрде негізделген жауап болуы немесе комиссияның жұмыс барысында түсуі мүмкін болатын дәлелге сілтеме жасалуы тиіс.

13. Мемлекеттік орган–жіберуші мемлекеттік орган-алушыдан жауап алғаннан кейін Уәкілетті органға шағымданады.

14. Өкілетті орган мемлекеттік орган-жіберушіден өтініш алу туралы комиссияны хабарландырады және келесі материалдарды комиссияның қарауы үшін жолдайды:

- 1) мемлекеттік орган-жіберушінің келіспеушілік туралы өтінішті

2) мемлекеттік орган-алушының келіспеушілік туралы өтінішке әр талабы бойынша жауапты.

15. Комиссия уәкілетті органның басшы орынбасарымен басқарылып тұрақты болып табылады.

16. Комиссия құрамына:

- 1) уәкілетті органның;
- 2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органының;
- 3) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің;
- 4) мемлекеттік техникалық қызметтің өкілдері кіреді.

17. Комиссия құрамы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

18. Комиссия ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болу себебін анықтау үшін келесі материалдарды (бұдан әрі - материалдар) төменде көрсетілген мемлекеттік орган-жіберуші және мемлекеттік орган-алушы қызметтерден сұратады:

1) ЭҚАБЖ әкімшілендіру қызметі немесе онымен байланысты ЭҚАЖ және куәландыру орталықтың ақпараттық жүйені әкімшілендіру қызметі ұсынатын ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған күнге ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі табылған ЭҚА пайдаланушының әрекеттері туралы қорытынды және ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған күнге (логтарды қоса) ЭЦҚ қалыптастыру және тексеру қызметтерінің жөндемдігі туралы қорытынды;

2) Жергілікті есептеу желісінің жөндемдігі немесе ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған күнге шалыстар болу туралы желгілікті-есептік желіге және пайдаланушылардың жұмыс станцияларына ЭҚАБЖ әкімшілендіру қызметімен немесе онымен байланысты ЭҚАЖ бірлесіп қызмет көрсететін ұйым қызметімен ұсынылатын қорытынды;

3) Серверлерді басқару қызметімен берілетін ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі туындаған күн ішінде ЭҚАБЖ немесе онымен байланысты ЭҚАЖ ЭҚЖ серверлік құрал-жабдықтардың дұрыстығы туралы немесе іркілістердің болуы туралы қорытынды;

4) ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі туындаған күн ішінде ЭҚАБЖ Орталығының дұрыс жұмыс істеуі туралы қорытынды (логтардың қосымшаларымен) ақпараттандыру саласындағы операторында;

5) куәландыру орталықтың ақпараттық жүйесі жабдығының жөндемдігі туралы, немесе куәландыратын орталықта ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болған күнге шалыстардың бар болуы туралы қорытынды;

6) МО БКО жөндемдігі немесе ЭҚ ЭЦҚ түпнұсқалығының сәйкессіздігі болған күнге шалыстар МО БКО әкімшілендіру қызметінде болуы туралы қорытынды.

19. Материалдар комиссиядан сауал түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

20. Егер сауалды беру үшін қосымша уақыт қажет болса, сауалды орындау уақыты мемлекеттік техникалық қызметімен он бес жұмыс күніне ұзартыла алады. Сонымен үш жұмыс күнінің ішінде комиссияны уақытты ұзарту себебін нұсқап хабардар ету керек.

21. Комиссия талқылау барысында комиссия белгіленген мерзім ішінде бірақ үш жұмыс күнінен кемірек емес қажетті құжаттар мен материалдарды (заттай айғақтарды немесе басқа дәлелдерді) талап ете алады.

22. Мемлекеттік техникалық қызметтің Куәландыратын орган өз тарабынан осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ пайдаланушының тіркеу куәлігін (сертификаттың) жарамдылығы не жарамсыздығы туралы қорытындысын және ЭЦҚ тану (тексеру) бойынша Куәландыратын орталықтың өзге мәліметтерін даярлайды.

23. Комиссия материалдарды алған уақыттан бастап жеті жұмыс күнінің ішінде оқиғаның пайда болу себебін анықтау саралау, ЭЦҚ тану (тексеру) жұмысын жүзеге асырады және осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес оқиғаның пайда болу себебін анықтау бойынша комиссия жұмысының хаттамасын (бұдан әрі - хаттама) жасайды.

24. Хаттама жеті нұсқада жасалады (уәкілетті органға, ұлттық қауіпсіздік органына, мемлекеттік органдардың техникалық қызметтеріне, мемлекеттік техникалық қызметіне, мемлекеттік орган-жіберушіге және мемлекеттік орган-алушыға біреуден).

25. Хаттама үш жұмыс күндік уақыт ішінде тараптарға тапсырылады.

Электрондық құжаттардың электрондық
цифрлық
қолтаңбасы түпнұсқалығының
сәйкессіздігі
себептерін анықтаудың қағидасына
1-қосымша

№ _____ келіспеушілік туралы өтініш

Келіспеушілік орыны _____

— Күні _____

Бастамашының деректемелері	Жауап берушінің деректемелері	Өзімен бірге келіспеушілігін келтіретін жағдайлар	Өзімен бірге келіспеушілігін келтіретін мәліметтер	Заңнамалық және құқықтық актілердің нормасы	Дәлелдік базаны құрайтын қоса берілген құжаттардың тізбесі

--	--	--	--	--	--

ТАӘ _____ Қолы _____

Күні _____

Электрондық құжаттардың электрондық
цифрлық
қолтаңбасы түпнұсқалығының
сәйкессіздігі
себептерін анықтаудың қағидасына
2-қосымша

Куәландырушы орталығының қорытындысы

20 жылғы "___" _____

Тіркеу куәлігінің мәліметі № _____

1. Тіркеу куәлігі Баспасының аты:

2. Тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі:

_____ бастап _____ бойынша

жарамды

3. Тіркеу куәлігі иегерінің аты:

4. Кілтгі белгілеу:

5. ЭЦҚ құралы:



Тіркеу куәлігі электрондық құжат қол қойған күніне жарамды.

Қорытындыны берді:

ТАӘ _____ Қолы _____

Күні _____

Электрондық құжаттардың электрондық
цифрлық

**Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы
түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болуының себебін анықтау
жөніндегі комиссия жұмысының
Хаттамасы**

Акті жасалған орын: Актінің жасалған күні:

_____ 20 жылғы " ____ " _____

Комиссия мүшелері: _____

—

Жұмыстардың басталу күні және уақыты _____

—

Жұмыстардың аяқталу күні және уақыты _____

—

Іс- шаралардың қысқаша тізбесі _____

Электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болу себебі

Алдағы осындай электрондық құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбасы түпнұсқалығының сәйкессіздігі пайда болуын жою бойынша комиссияның кеңес ұсыныстары

Комиссия мүшелерінің өздерінің жеке қолдарымен қойылған қолтаңбасы:

ТАӘ	Қолы

**Мүшенің немесе комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері
(болған жағдайда)**

ТАӘ	Қолы